

Хаттама №7

Кезектен тыс мектепшілік қамқоршылық кеңес отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

30.10.2025ж.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандар:

I. Комиссия төрайымы : Алиева Аккенже

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Овезова Балкенже

Жайлыбаева Анар

Әнесова Гаухар

Бердибаева Аршагуль

Жумаханов Еркасым Итибаевич - мектеп директоры
Акмолдаева Назым Жиенбаевна - директордың оқу тәрбие
жөніндегі орынбасары

Күн тәртібінде :

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығының 5 тарауының, 75-76 тармағын және Маңғыстау облысының білім басқармасының 28.10.2025 ж.күнгі №03-29/1535 хатында көрсетілген білім беру мектептеріндегі сабақ ұзақтығын қысқарту туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Жумаханов Еркасым Итибаевич сөз алып, Маңғыстау облысының білім басқармасының 28.10.2025 ж.күнгі №03-29/1535 хатында көрсетілген білім беру мектептеріндегі үзілістер мен сабақ ұзақтығын қысқарту туралы айтып өтті. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ -76 бұйрығының 5-тарау. Оқыту және өндірістік практика жағдайларына қойылатын санитариялық –эпидемиологиялық талаптарының:

71.тармақшасында (Жалпы білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс.) делінгендігін,

75.тармақшасында (Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут , үлкен үзіліс (2-ші немесе 3 сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360 – VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі

негізінде нормативтік құжаттарға сүйене отырып, департамент тарапынан 2025-2026 оқу жылының II – III тоқсандағы сабақ ұзақтығын 40 минутқа қысқартуға қарсылық білдірмейтіндігін, сабақтар арасындағы үзілістердің қысқартылмауы тиіс екендігін айтып өтті. Себебі оқушылардың асханада тамақтануы, таза ауада жүруі, қозғалыс ойындарын өткізуі, сонымен қатар ауысымдар арасындағы ылғалды жинау және желдетуге арналған үзілістердің ұзақтығы санитариялық талаптарда көрсетілген нормативке сәйкес болуы керек екендігін айтты.

Сөз сөйлеу:

Қамқоршылық кеңес төрайымы А.Алиева сөз алып, өз сөзінде сабақ ұзақтығының 40 минуттан өткізілуі және II кезеңнің сабағының басталу уақыты 13:40 ауысса II ауысымдағы оқушыларға тиімді екендігін жеткізді. Себебі алдымыз қыс мезгілі, қараңғы ерте түсетіндіктен оқушылардың өмір қауіпсіздігімен денсаулығы маңызды болғандықтан келісетіндігін айтты.







Барлық қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан келісті.

Комиссия отырысының шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылының II – III тоқсандағы сабақ ұзақтығы 45 минуттан 40 минутқа қысқартылып оқытылсын.
2. II кезең сабақтың басталу уақыты 13:40 қа ауыстырылсын.

Комиссия төрайымы :

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

 Алиева Аккенже
 Овезова Балкенже
 Жайлыбаева Анар
 Энесова Гаухар
 Бердибаева Аршагуль
 Таджибаева Сағыныш

Хатшысы: